

**Степногорск қаласында автотұрақтар (паркингтер) санатын белгілеу,
автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жер учаскелеріне салынатын салық
ставкаларын ұлғайтуы туралы**

Күшін жойған

Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 2012 жылғы 23 ақпандағы № 5С-2/3 шешімі. Ақмола облысы Степногорск қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 5 сәуірде № 1-2-158 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 2017 жылғы 30 наурыздағы № 6С-17/4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 30.03.2017 № 6С-17/4 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 2008 жылғы 10 желтоқсандағы 381 бабына, 386 бабының 3 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес Степногорск қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Степногорск қаласында автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін және автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге салынатын базалық ставкаларының мөлшері 2 қосымшаға сәйкес ұлғайтылсын.

2. Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген басқа санаттағы жерлерге салықты есептеу кезінде жерлеріне базалық ставкалары қолданылатын Степногорск қаласы жақын жатқан елді мекені болып белгіленсін.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат
сессиясының төрайымы

Р.Сахневич

Қалалық мәслихаттың
хатшысы

Ғ.Көпеева

"КЕЛІСІЛДІ"

Степногорск қаласының әкімі
"Қазақстан Республикасы
Қаржы Министрлігінің

А.Никишов

Ақмола облысы бойынша
Салық Комитетінің
Степногорск қаласы бойынша
Салық Департаментінің
Салық Басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің бастығы

С.Қойшыбаев

Степногорск қалалық
мәслихатының 2012 жылғы
23 ақпандағы
№ 5С-2/3 шешіміне
1 қосымша

Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары

№ р/р	Автотұрақтардың (паркингтердің) түрлері	Санаттар
1	Ашық түрдегі автотұрақтар (паркингтер)	1 санат
2	Жабық түрдегі автотұрақтар (паркингтер)	2 санат

Степногорск қалалық
мәслихатының 2012 жылғы
23 ақпандағы
№ 5С-2/3 шешіміне
2 қосымша

Степногорск қаласында автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге салынатын базалық ставкаларының мөлшері

№ р/р	Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары	Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге салынатын базалық ставкаларының мөлшері	Базалық ставканың ұлғаюы
1	1 санат	5,79	он есе
2	2 санат	5,79	он есе